«БЕКІТЕМІН»
Мектепке дейінгі және орта білім саласының РОӘК төрайымы
Мелдебекова М.Т.
_____
«29» желтоқсан 2020 ж.

Сараптамалық кеңес туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Ереже келесідей нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
2. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы;
3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

1.2. Сараптамалық кеңес (бұдан әрі – СК) – **инновациялық педагогикалық тәжірибеге сараптама** жүргізу үшін мектепке дейінгі және орта білім беру саласындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің (бұдан әрі – РОӘК) жанынан құрылады.

1.3. **Инновациялық педагогикалық тәжірибе сараптамасы** – педагогтердің кәсіби қызметінің тиімділігін кешенді бағалау.

1.4. **ЭС мүшелері** бағыттар бойынша педагогтердің кәсіби қызметінің тәжірибесіне тәуелсіз сараптаманы **жүзеге асырады.**

1.5. **СК отырысы** тоқсанда (квартал) 1 рет өткізіледі, шешім хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға сараптамалық кеңестің төрайымы мен жауапты хатшысы қол қояды. СК шешімі отырысқа қатысушылардың көпшілік (70%-дан астам) дауысымен қабылданады. СК шешімі отырыста толық құрамның кемінде 60%-ы болған кезде жарамды деп есептеледі. Сараптамалық қорытындыны жауапты хатшы ресімдеп, қол қояды және СК төрайымы бекітеді.

2. СК мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты: Қазақстандық педагогтердің инновациялық педагогикалық тәжірибесінің материалдарын сараптау, заманауи қазақстандық білім беру моделінің мәселелерін әзірлеуде инновациялық процестерді қолдау және бағыттау, білім беру ұйымдарының инновациялық қызметінің деңгейін бағалау.

2.2. СК міндеттері:

2.2.1. Педагогтердің инновациялық педагогикалық тәжірибесінің материалдары бойынша сараптамалық қорытынды дайындау;

2.2.2. Педагогикалық бастаманың жаңашылдық дәрежесін Қазақстан Республикасында білім беруде практикалық маңызы мен орындылығын анықтау тұрғысынан зерделеу;

2.2.3. Инновациялық қызметтің аралық және соңғы нәтижелерінің сараптамасы.

3. Сараптамалық кеңестің негізгі принциптері, жұмыс әдістері және нысандары

3.1. Принциптері:

3.1.1 .Объективтілік;

3.1.2. Жариялылық, ашықтық;

3.1.3. Алқалық;

3.1.4. Ұтқырлық және орындаушылық.

3.2. Әдістері:

3.2.1. Сараптау;

3.2.2. Талдау;

3.2.3. Әңгімелесу, сұхбаттасу;

3.2.4. Жіктеу;

3.2.5. Салыстыру;

3.2.6. Жалпылау;

3.2.7. Үйлесімдеу;

3.2.8. Жүйелеу;

3.2.9. Пікір білдіру.

3.3. Сараптама нысандары

3.3.1. Қазақстандық педагогтердің инновациялық педагогикалық тәжірибесінің материалдары;

3.3.2. Озық педагогикалық тәжірибені жалпылау материалдары.

4. СК құрамы

4.1. **СК 31 адамнан тұратын** РОӘК мүшелерінен, сондай-ақ ғалым-педагогтерден, практик-педагогтерден, белгілі бір білім саласының беделді мамандардан **құрылады**.

4.2. **СК жұмысына басшылық жасайды** – РОӘК төрайымы.

Кеңестің құрамына төрайым, төрайымның орынбасары, жауапты хатшы, кеңес мүшелері кіреді.

4.3. **Сараптамалық кеңестің құрамы** РОӘК шешімімен **бекітіледі.** РОӘК мүшелері Кеңес мүшесінің төрайымын, төрайымның орынбасарын және СК хатшысын сайлайды.

5. Сараптамалық кеңес мүшелерінің міндеттері

5.1. **Төрайым мен төрайымның орынбасары** сараптамалық кеңестің қызметіне жалпы басшылықты және үйлестіруді жүзеге асырады, сараптама рәсімін және сараптамалық кеңестің жалпы жұмыс тәртібін жетілдіру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады. **Сараптау кеңесін** РОӘК төрайымы немесе төрайымның орынбасары басқарады.

Төрайым, төрайым орынбасары бір мезгілде болмаған жағдайда СК отырысы өткізілмейді.

5.2. **СК мүшелері** педагогтердің инновациялық педагогикалық тәжірибесінің материалдарымен танысады және материалдардың талаптарға сәйкестік дәрежесі туралы сараптамалық қорытынды дайындайды. **СК мүшелері** сараптамалық кеңестің жұмыс отырысында педагог материалдарымен танысады. Рецензиялардың объективтілігін бағалайды, келіп түскен материалдар бойынша сұрақтар тізімін қалыптастырады және СК хатшысына береді.

5.3. Сараптамалық кеңестің жауапты хатшысы сараптамалық кеңеске келіп түскен өтінімдер мен материалдарды тіркейді, олардың ресімделуін талаптарға сәйкестігін тексереді, оларды сарапшыларға береді, олардан рецензияларды қабылдайды, олардың негізінде сараптамалық кеңес қорытындыларының жобаларын дайындайды, сараптамалық кеңес отырысының күн тәртібін қалыптастырады, отырыстардың хаттамаларын жүргізеді, сараптамалық кеңестің қорытындыларын дайындайды.

5.4. Сараптамалық кеңес мүшелерінің құқықтары мен міндеттері:

5.4.1. Сараптамалық кеңес мүшелері мен сарапшылар сараптамаға түскен материалдардың құпиялылығын сақтау үшін дербес жауапты болады. Олар:

- авторлар және материалдардың мазмұны туралы мәліметтер;
- сараптамадан өту кезеңдері туралы мәліметтер;

5.4.2. Сарапшылар жұмыс барысында туындаған «мүдделер қақтығысы» жағдайлары туралы сараптамалық кеңестің жауапты хатшысына уақтылы хабарлауға міндетті.

5.4.3 СК мүшелері СК-дан бас тартуға құқылы.

Сараптамалық кеңестің өкілеттік мерзімі мен құрамы РОӘК шешімімен жылына 1 рет бекітіледі. Сараптамалық кеңестің құрамы мен өкілеттік мерзіміне, оның ішінде кезектен тыс өзгерістер мен толықтыруларды сараптамалық кеңестің төрайымы енгізеді. Сараптамалық кеңестің құрамын жаңа мерзімге бекіту кезінде ауыстыру қарастырылады.

СК мүшелері:

1) объективті, толық және дұрыс мәліметтерді ұсынады;

2) келіп түскен материалды қарауға қатысты деректерді жасыруға жол берілмейді;

3) ғылыми этиканы бұзу фактілеріне мән беріледі;

4) шешім қабылдау кезінде қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тұлғалардың ықпалынан еркіндік;

5) мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

6) қызмет процесінде СК басқа мүшелерінің, педагогтердің ар-намысы мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды қолданбайды. Осы тармақта көрсетілген талаптарды сақтамау фактілері анықталған жағдайда, СК мүшесі құрамнан шығарылады.

5.5. СК мүшесін мерзімінен бұрын шығару туралы мәселені Сараптамалық кеңес мүшесі жұмыс рәсімдерін жүйелі түрде бұзған, өз функцияларын орындамаған, біліксіз көрінген, «мүдделер қақтығысы» жағдайында объективтілік болмаған кезде Сараптамалық кеңестің төрайымы қоя алады (сарапшы материалдарды сараптамаға ұсынған білім беру ұйымы басшысының ғылыми жетекшісі не тең авторы болып табылады).

6. Сараптамалық кеңестің жұмыс тәртібі

6.1. Материалдар сараптама кеңесінің отырысына дейін бір ай бұрын білім басқармаларының бірінші басшыларының өтініші бойынша қағаз түрінде (3 данада) немесе электронды нұсқада қабылданады. Барлық парақтар

нөмірленуі керек. Ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін материалдар тіркелмейді және қайтарылады.

Пысықталуға қайтарылған жұмыстарды қайта қарауға ұсыну мерзімі 1 ай.

Сараптамалық кеңесте пысықталынып қайта қаралған жұмыс 2-ші рет апеляцияға қабылданбайды.

Материалдар төмендегідей сараптамаға қабылданады:

- білім басқармаларының ұсынымдары;
- облыстық оқу-әдістемелік кеңестердің ұсынымдары;
-мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің, мектеп педагогтерінің, ЖОО ғалымдарының, білім басқармаларының мамандарының (әдіскерлерінің) оң пікірлері.

Инновациялық педагогикалық тәжірибені жалпылау бойынша рецензияға талаптар қоса беріледі (3-қосымша).

СК теріс шешіміне апелляцияны педагог шешім шыққан күннен бастап 1 (бір) ай ішінде еркін түрде береді. Апелляция берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-ның президентінің бұйрығымен апелляциялық комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылады. Комиссияның құрамына тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі бар 3 (үш) маман енгізіледі. Комиссия мүшелері рецензенттер, бірлескен авторлар, жұмыс ұсынылған аймақ басқармаларының қызметкерлері бола алмайды.

6.2. Сараптамалық кеңестің жұмыс тәртібі:

6.2.1. Бірінші кезең – тіркелген күннен бастап 2 апта ішінде:

а) материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптарға сәйкестігіне алдын ала техникалық сараптама;

б) техникалық сараптамадан өткен материалдарды бағыттар бойынша педагог кадрлардың практикалық жұмысының мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкестігіне сараптау. Бірінші кезеңнің нәтижесі – сарапшының пікірі.

6.2.2. Екінші кезең – қорытынды шығару бойынша СК жұмыс отырысы. Екінші кезеңнің қорытындысы хаттамамен ресімделген отырыстың шешімі және сараптамалық қорытынды болып табылады.

Оң/теріс шешім шығару бойынша СК хатшысы материалдарды тиісті отырыстағы СК шешімінен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА мұрағатына жібереді.

Материалдар:

1) педагогтың өтініші (тиісті түрде);

2) портфолио электрондық тасымалдағышта;

3) жарияланған мәселе бойынша жарияланымдардың тізімі мен көшірмелері;

4) өтінім берушінің материалды алуда авторға және пайдалануда дереккөздерге сілтеме жасамай қолдану анықтамасы;

5) рецензиялар (2 рецензия – бейіні бойынша ғылыми дәрежесі бар педагогтан, басқа өңірдің жоғары/бірінші санатты педагогтан немесе педагог-шеберінен);

6) облыстық сараптамалық кеңес отырысының төрағасы мен хатшысы қол қойған хаттама;

7) ұсынылатын педагогикалық тәжірибенің білім алушылардың білім сапасына әсерін көрсете отырып, кемінде 2 білім беру ұйымында енгізу актісін (жылдар бойынша) қамтиды.

САРАПТАМАЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕГЕ ҚОСЫМША

1-қосымша

РОӘК төрайымы

_____

Педагогтің ТАӘ_____

_____

мекенжай_____

байланыс телефоны/электрондық пошта

_____

ӨТІНІШ

РОӘК-тің сараптамалық кеңесінің отырысында _____

_____ мәселесі (тақырыбы)

бойынша педагогикалық жұмыс тәжірибемді қарастыруыңызды сұраймын.

Тиісті құжаттар қоса беріледі. Беттердің жалпы саны _____.

Мерзім «___» _____ 20___ж.

Қолы _____

2-қосымша

№ р/с	Тіркеу мерзімі	Материал атауы	Материалды ұсынушының ТАӘ	Материалды тапсырушы қолы мен мерзімі	Материалды қабылдаған хатшының ТАӘ	Хатшы қолы және материалдарды қабылдаған мерзімі	Хатшы қолы және рецензиялаған материалдарды қайтару мерзімі	Ескерту (СК шешімі)

3-қосымша

РЕЦЕНЗИЯНЫ ЖАЗУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР
(мектепке дейінгі білім беру саласы)

Рецензия (қарастыру, пікір беру) – бұл жаңа көркем немесе ғылыми туындыны, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты, ғылыми жобаларды, оқу, ғылыми-әдістемелік әзірлемелерді, білім беру ұйымдарының материалдарын және т.б. сараптау, сыни талдау, бағалау, одан әрі оларды бекіту, қорғау, жариялау, апробациялау, қорыту және т.б. алдында жұмыстар.

Рецензияда толық және нақты түрде келесілер нақты көрсетілуі тиіс:

1. Жұмыстың өзектілігі:

жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік басымдықтармен байланысы;

оның қажеттілігі, өзектілігі, күн қажеттіліктеріне сәйкестігі.

МДҰ (мектепке дейінгі білім беру жүйесі) үшін мәселені шешудің қажеттілігі мен маңыздылық дәрежесі ашылады, белгіленген мәселені шешудің қазіргі заманғы тәсілдері, тәжірибенің инновациялылығы (ол мектепке дейінгі ұйым педагогының жұмыс тәжірибесіне не жаңалық әкеледі) негізделеді.

2.Инновациялық- педагогикалық тәжірибе:

ИПТ негізгі сипаттамасы:

ғылымилығы;

ақпараттылығы;

практикалық маңыздылығы;

логикалық аяқталуы.

3. Жұмыстың жаңашылдық дәрежесі:

3.1.Жаңашылдық тәжірибенің заманауи білім беру жетістіктеріне сәйкестігін көрсетеді және мыналарды:

белгілі әдістер элементтерінің комбинациясын;

педагогикалық қызметтің жекелеген жақтарын ұтымды етуді, жетілдіруді;

білім беру процесін қайта құруды қамтуы мүмкін.

4. Жұмыстың ғылымилығы – оның мектепке дейінгі педагогиканың әдіснамасы, теориясы мен тәжірибесіне, психология мен жеке әдістемелерге, жаңа білім беру парадигмасына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы педагогикалық ғылым мен тәжірибенің соңғы жетістіктеріне сәйкестігі.

5. Ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы: нәтижелердің әдіснамалық негіздермен қисындылығы, өзара байланысы, олардың қайшылықсыздығы.

6. Жұмыстың әрбір нәтижесінің, ғылыми жағдайының, түйіндері мен қорытындыларының негізділігі мен дәйектілігінің деңгейі.

7. Жұмыстың практикалық маңыздылығы– ұсынылған жұмыс мәселенің / тақырыптың дамуына қаншалықты ықпал етеді. Инновациялық педагогикалық тәжірибені практикаға тиімді енгізу бойынша ұсыныстар.

8. Ресімдеу талаптарына сәйкестігі.

9.Жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар (республикалық Сараптама кеңесінде қарау үшін ұсыну, жалпылау және тарату, пысықтауға қайтару және т.б.).

Рецензент:
Ұйымның атауы,
ғылыми дәрежесі,
ғылыми атағы, лауазымы _____ **ТАӘ**
қолы, күні

ПІКІР

(мектепке дейінгі білім беру саласы)

_____

(оқу бағдарламасына, концепцияға, ТСЖ бағдарламасына, даму бағдарламасына және т.б.)

ПІКІР

Білім беру ұйымы:_____

Автор_____

Ғылыми дәрежесі_____

Тақырыбы_____

1. Жұмыстың өзектілігі (тұжырымдамалар, бағдарламалар, зерттеу немесе тәжірибелік-эксперименттік жұмыс тақырыптары және т.б.) _____

_____

2. Инновациялық-педагогикалық тәжірибе:_____

_____

3. Жұмыстың жаңашылдық дәрежесі, білім беру жүйесінде (қала /аудан, аймақ, республика, шетелде) үйлесімділіктің болуы немесе болмауы):_____

_____

4. Жұмыстың ғылымилығы:_____

_____

5. Ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы:

_____

6. Әрбір нәтиженің, ғылыми жағдайдың, жұмыстың тұжырымдары мен қорытындыларының негізділігі мен дәйектілігінің дәрежесі_____

_____

7. Жұмыстың практикалық маңыздылығы_____

_____

_____

8. Ресімдеу талаптарына сәйкестігі:_____

_____

9. Жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар:_____

_____

Рецензент:
Ұйымның атауы,
ғылыми дәрежесі,
ғылыми атағы, лауазымы _____ **ТАӘ**

қолы, күні

3/1-қосымша

РЕЦЕНЗИЯНЫ ЖАЗУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

(орта білім беру саласы)

Рецензия (қарастыру, пікір беру) – бұл жаңа көркем немесе ғылыми туындыны, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты, ғылыми жобаларды, оқу, ғылыми-әдістемелік әзірлемелерді, білім беру ұйымдарының материалдарын және т.б. сараптау, сыни талдау, бағалау, одан әрі оларды бекіту, қорғау, жариялау, апробациялау, қорыту және т.б. (әрі қарай жұмыстар).

Рецензияда толық және нақты түрде келесілер нақты көрсетілуі тиіс:

1. Жұмыстың өзектілігі:

жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік басымдықтармен байланысы;

оның қажеттілігі, өзектілігі, күн қажеттіліктеріне сәйкестігі.

2. Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі:

а) модификациялық: жаңғырту, жоғалған, бірақ белгілі тәсілдемені, әдістемені, технологияны, әзірлемені, жүйені және т. б. қалпына келтіру;

б) комбинаторлық: жаңа сапаға әкелетін түрлі үйлесімдегі белгілі элементтердің интеграциясы;

в) радикалды: жаңа, жаңашыл, бұрын белгісіз нәрсені ойлап табу.

3. Жұмыстың жаңашылдық деңгейі:

3.1. Білім беру жүйесінде аналогтардың болуы немесе болмауы:

а) қала-ауданда;

б) облыста;

в) республикада;

г) шетелде

3.2. Оның тудыратын өзгерістер масштабы (жеке – локальді, дара, бір-бірімен байланыспаған; модульду – бір-бірімен байланысты жекелердің кешені; жүйелі – тұтастай мектепті қамтитын).

4. Жұмыстың ғылымилылығы – оның жаңа білім беру парадигмасының философиясына, әдістемесіне, психологиясына және педагогикалық ғылым мен тәжірибенің соңғы жетістіктеріне сәйкестігі.

Келесілерге бағытталғандық:

а) оқушылардың білімін, білігін, дағдысын қалыптастырып қоймай, оқушылар тұлғасын дамыту және тәрбиелеу;

б) балалардың психофизиологиялық және әлеуметтік денсаулығын сақтау;

в) білім беру процесінің экономикалық, экологиялық, этнопедагогикалық, психологиялық бағыттылығын қамтамасыз ету;

г) білім беру мазмұнының гуманистік, интеграциялық және инновациялық тәсілдерге және т.б. сәйкестігін қамтамасыз ету;

д) ғылыми талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету (мәселенің, ғылыми гипотезаның, мәселені гипотезалық шешудің, ғылыми негізделген зерттеу жүргізудің, зерттеу нәтижелерін зерттеуге дейін алынған деректермен салыстырудың болуы).

5. Ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы: нәтижелердің әдіснамалық негіздермен қисындылығы, өзара байланысы, олардың қайшылықсыздығы.

6. Жұмыстың әрбір нәтижесінің, ғылыми жағдайының, түйіндері мен қорытындыларының негізділігі мен дәйектілігінің деңгейі.

7. Жұмыстың практикалық маңыздылығы – ұсынылған жұмыс істің нақты жағдайын жақсы жаққа өзгертуге қаншалықты мүмкіндік береді. Практикаға енгізу үшін не ұсынылады.

8. Жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін ұсыну (апробациялау) формалары мен тәсілдері (мақалалар, баяндамалар, шығармашылық есептер, оқу-әдістемелік қамтамасыз етумен ашық сабақтар, әдістемелік құралдар, ұсынымдар, диаграммалар, кестелер, талдаулар және т.б.).

9. Ресімдеу талаптарына сәйкестігі. Жұмыстың мазмұны бойынша кемшіліктер мен ескертулер.

10. Жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар (республикалық Сараптама кеңесінде қарау үшін ұсыну, апробациялау, жалпылау, тарату, жариялау, бекіту, аттестаттау, кемшіліктерді жою, пысықтау, бекіту және т.б.).

Рецензент:
Ұйымның атауы,
ғылыми дәрежесі,
ғылыми атағы көрсетілген лауазымы _____ ТАӘ
қолы, күні

_____
(оқу бағдарламасына, концепцияға, ТСЖ бағдарламасына, даму бағдарламасына және т.б.)

ПІКІР
(орта білім беру саласы)

Білім беру ұйымы:_____
Автор_____
Тақырыбы_____

1. Жұмыстың өзектілігі _____
_____
2. Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі:_____
_____
3. Жұмыстың жаңашылдық дәрежесі, білім беру жүйесінде (қала /аудан, аймақ, республика, шетелде) үйлесімділіктің болуы немесе болмауы)):_____
_____
4. Жұмыстың ғылымилығы:_____
_____
5. Ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы (логикалық, нәтижелердің әдіснамалық негіздермен өзара байланысы, қарама-қайшы еместігі)._____
_____
6. Әрбір нәтиженің, ғылыми жағдайдың, жұмыстың тұжырымдары мен қорытындыларының негізділігі мен дәйектілігінің дәрежесі._____
_____
7. Жұмыстың практикалық маңыздылығы_____
_____
8. Жұмыстың аралық және қорытынды нәтижелерін ұсыну формалары мен тәсілдері:_
_____
9. Ресімдеу талаптарына сәйкестігі. Жұмыстың мазмұны бойынша кемшіліктер мен ескертулер:_____
_____
10. Жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар:_____
_____

Рецензент:
Ұйымның атауы,
ғылыми дәрежесі,
ғылыми атағы көрсетілген лауазымы _____ **ТАӘ**
қолы, күні

4-қосымша

Инновациялық педагогикалық тәжірибенің ақпараттық картасы
(ұсынушы тараппен толтырылады (әдістемелік бірлестіктің, аудандық/қалалық әдістемелік кабинеттің басшысы, әкімшілік / конкурстың қазылар алқасы)

I. Жалпы мәліметтер
(мектепке дейінгі білім беру саласы)

Тәжірибе авторының ТАӘ	Тәжірибе авторы жұмыс істейтін мектепке дейінгі ұйым	Педагог лауазымы	Лауазымдағы жұмыс өтілі

II. Тәжірибенің маңызды сипаттамалары

1. Инновациялық педагогикалық тәжірибе (ИПТ) тақырыбы	
2. Өзгерістер идеясы (ИПТ мәні неде: технологияларды пайдалануда, білім беру мазмұнын өзгертуде, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда т.б.)	
3. Өзгерістерді іске асыру шарттары (педагогтің жеке-кәсіби сапасын және ол қол жеткізген кәсібилік деңгейін қоса алғанда)	
4. Өзгерістер нәтижесі	
5. Ұсынылған инновациялық педагогикалық тәжірибе туралы жарияланымдар	

III. Педагогтің инновациялық тәжірибесінің сипаттамасы

Еркін түрде орындалады, оқытушының өзінің инновациялық тәжірибесін 1 бетке дейін деректермен сипаттауы (1800-2000 б.)

IV. Рецензия

Өзгерістерді таратудың болжамды ауқымы мен формалары	
Рецензенттің тегі, аты, әкесінің аты, оның байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы	

V. Тәжірибенің ақпараттық сипаттамалары **

Инновациялық тәжірибенің сипаттамасы	Оқыту	Тәрбиелеу	Қосымша білім беру
1.Құндылықтар мен құндылықты бағдарлар			
2. Мақсаты мен міндеттері			
3. Білім беру мазмұны			
4. Технологиялар, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар			
5. Құралдар			
6. Әдістер			
7. Ұйымдастыру формалары			

8. Білім беру ортасы			
9. Ақпараттық-әдістемелік орта			
10. Ақпараттық ресурстар			
11. Ұйымдастырушылық ресурстар			
12. Мотивациялық ресурстар			
13. Ғылыми-әдістемелік ресурстар			
14.Материалдық-техникалық ресурстар			

«Тәжірибенің ақпараттық сипаттамалары» кестесі жұмыс мазмұнын білдіретін компоненттерге сәйкес тәжірибенің маңызды сипаттамалары негізінде толтырылады.

Таңдалған ұяшыққа берілген тәжірибенің мәнін құрайтын өзгерістерді көрсететін 3-5 кілт сөзді енгізіңіз.

4/1-қосымша

Инновациялық педагогикалық тәжірибенің ақпараттық картасы
(ұсынушы тараппен толтырылады (әдістемелік бірлестіктің, аудандық/қалалық әдістемелік кабинеттің басшысы, әкімшілік / конкурстың қазылар алқасы)

I. Жалпы мәліметтер
(орта білім беру саласы)

Тәжірибе авторының ТАӘ	Тәжірибе авторының жұмыс істейтін оқу орны, индексі бар мекенжайы	Оқытылатын пәні немесе орындалатын функционалы көрсетілген лауазымы	Лауазымдағы жұмыс өтілі

II. Тәжірибенің маңызды сипаттамалары

1. Инновациялық педагогикалық тәжірибе (ИПТ) тақырыбы	
2. Өзгерістер дереккөзі (қарама-қайшылықтар, оқытудың жаңа құралдары, білім беру қызметінің жаңа шарттары т.б.)	
3. Өзгерістер идеясы (ИПТ мәні неде: білім беру, коммуникациялық-ақпараттық немесе басқа да технологияларды пайдалануда, білім беру мазмұнын өзгертуде, оқу немесе тәрбие процесін ұйымдастыруда т.б.)	
4. Өзгерістер тұжырымдамасы (тәсілдері, олардың баламаларынан артықшылықтары және жаңалығы, шектеулері, еңбек сыйымдылығы, тәуекелдер)	
5. Өзгерістерді іске асыру шарттары (педагогтің жеке-кәсіби сапасын және ол қол жеткізген кәсібилік деңгейін қоса алғанда)	
6. Өзгерістер нәтижесі	
7. Ұсынылған инновациялық педагогикалық тәжірибе туралы жарияланымдар	

III. Оқытушының инновациялық тәжірибесінің сипаттамасы

Еркін түрде орындалады, оқытушының өзінің инновациялық тәжірибесін 1 бетке дейін деректермен сипаттауы (1800-2000 б.)

IV. Рецензия

Өзгерістерді таратудың болжамды ауқымы мен формалары	
Рецензенттің тегі, аты, әкесінің аты, оның байланыс телефондары, электрондық пошта мекенжайы, пошталық мекенжайы	

V. Тәжірибенің ақпараттық сипаттамалары **

Инновациялық тәжірибенің сипаттамасы	Оқыту	Тәрбиелеу	Қосымша білім беру

1. Құндылықтар мен құндылықты бағдарлар			
2. Мақсаты мен міндеттері			
3. Білім беруді басқару (ОО үшін, оқытушылар мен кураторлар үшін)			
4. Білім беру мазмұны			
5. Технологиялар, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар			
6. Құралдар			
7. Әдістер			
8. Ұйымдастыру формалары			
9. Білім беру ортасы			
10. Ақпараттық-әдістемелік орта			
11. Ақпараттық ресурстар			
12. Ұйымдастырушылық ресурстар			
13. Мотивациялық ресурстар			
14. Кадрлық ресурстар (оқу орындарында іске асырылатын инновацияларды сипаттау үшін)			
15. Ғылыми-әдістемелік ресурстар (оқу орнына да, оқытушылар үшін де маңызды)			
16. Материалдық-техникалық ресурстар (оқу орны үшін де, оқытушылар үшін де маңызды)			
17. Нормативтік-құқықтық ресурстар (оқу орнынада іске асырылатын инновацияларды сипаттау үшін)			

«Тәжірибенің ақпараттық сипаттамалары» кестесі жұмыс мазмұнын білдіретін компоненттерге сәйкес тәжірибенің маңызды сипаттамалары негізінде толтырылады.

Таңдалған ұяшыққа берілген тәжірибенің мәнін құрайтын өзгерістерді көрсететін 3-5 кілт сөзді енгізіңіз.

5-қосымша

«БЕКІТЕМІН»
Сараптамалық кеңес
төрайымы
ТАӘ

_____
«____» _____ ____ **ж.**

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы инновациялық педагогикалық тәжірибеге
ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру ұйымы:_____
Автор_____
Тақырыбы_____

1. Инновациялық педагогикалық тәжірибенің өзектілігі _____
_____
Қорытынды: жұмыстың білім беру ұйымының қажеттіліктеріне, әлеуметтік тапсырысқа, БҰ жұмысындағы елеулі кемшіліктерді жою мүмкіндіктеріне сәйкес келу дәрежесі. Рецензияға қойылатын талаптарды қараңыз. _____

2.Инновациялық-педагогикалық тәжірибе:_____ _____
_____
Қорытынды: Шығармашылық жаңалық жұмыстың (инновациялық) әлеуеті. Рецензияға қойылатын талаптарды қараңыз _____

3. Жұмыстың жаңашылдық дәрежесі – білім беруде аналогтардың болуы немесе болмауы:_____
Қорытынды. Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейінің инновациялық педагогикалық тәжірибеге қойылатын талаптарға сәйкестігі. Рецензияға қойылатын талаптарды қараңыз.
_____

4. Жұмыстың ғылымилығы:_____
Қорытынды: жұмыстың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету дәрежесі.Рецензияға талаптарды қараңыз

5.Ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдіснамалық негізінің сипаттамасы:_____
6. Нәтиженің, жұмыстың тұжырымдары мен қорытындыларының негізділігі, дәйектілігінің дәрежесі:_____

7. Жұмыстың практикалық маңыздылығы:_____
Қорытынды: жұмыстың нәтижелілігін болжау (есептер бойынша немесе сараптамалық жолмен). Резенцияға талаптарды қараңыз. _____

8. Ресімдеу талаптарына сәйкестігі. _____

9. Жұмысты пайдалану бойынша қорытындылар мен ұсыныстар (тәжірибені жалпылау және тарату, пысықтауға қайтару және т. б.)

СК-ның жауапты хатшысы _____**ТАӘ**